

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ӘДЕБИ ИНТЕРЬЕР ЖӘНЕ СӘНДІК ҚЫЗМЕТІ

Сұлтанғалиева Р.Б.¹, *Рысқалиева Б.Д.²

¹ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор, М.Өтемісов атындағы БҚУ

Орал, Қазақстан, e-mail: r.sultangalieva@mail.ru

^{*2}магистрант, М.Өтемісов атындағы БҚУ, Орал, Қазақстан

e-mail: balnur99.05@mail.ru

Аңдатпа. Зерттеудің мақсаты – әдеби интерьердің көркем шығарма мәтінінде қаншалықты маңызды рөл атқаратындығын, аталмыш баяндау бірлігін талдау шығармалардың поэтикасын түсінуде, эстетикалық құндылығын оқырманға жеткізудегі маңызды қызмет атқаратын көркем бірлік тұрғысында зерделеу.

Бұл мақалада қазақ әдебиеттану ғылымының айналымына енген «интерьер» ұғымы және әдеби интерьердің сәндік қызметі мен көркемдік поэтикасының мәселелері қарастырылады. Әдеби интерьердің сәндік қызметінің дәуірлеу кезеңі талданады. Әдеби интерьердің көркем шығарма кеңістігін қалыптастыру төңірегінде қарастырылған зерттеу еңбектеріне шолу жасалып, шығарма идеясы мен тақырыбына арқау болған заттық детальдің қолданылу ерекшеліктері анықталып, қазақ әдебиеттану ғылымында күні бүгінге дейін әдеби теориялық ұғым қалыптастыру жолында өзекті тақырып ретінде талданып, қазіргі қазақ прозасындағы поэтикасы мен қызметі мәселелері жан-жақты талданады. Әдеби интерьердің көркем мәтіндегі құрылымдық ерекшеліктерін талдау арқылы оның сәндік және тағы да өзге де қызметтері анықталады. Кейіпкер өмір сүретін кеңістікті, ішкі жан әлемін, мінезін, болмысын танудағы қызметі көркем прозадағы эстетика мәселелерімен сабақтастықта талданады.

Зерттеу нысанына алынған қазіргі қазақ көркем шығармалары мен ондағы әдеби интерьердің көріністерін анықтау зерттеудің ғылыми құндылығын арттырады. Заттық әлем объектілерінің, детальдердің эстетикалануы адам өмірінде алатын орны туралы шығармалардан мысалдар келтіріледі.

Әдебиеттегі интерьер ұғымы шығарманың сюжет, композиция, символдық жүйесі сынды кең аспектілерімен байланыстыра талданады.

Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы әдебиеттану ғылымы бойынша зерттеу жұмыстары мен арнайы курстарда пайдалануда, көркем шығарманы театр сахнасына интерпретациялау барысында сценаристер мен қоюшы режиссерлерге де тигізер септігі мол. Зерттеуде теориялық талдау, жинақтау, жүйелеу және салыстырмалы талдау әдістері қолданылады.

Тірек сөздер: қазіргі қазақ прозасы, заттық әлем, көркемдік тәсіл, әдеби интерьер, көркемдік поэтика, суреттеу, деталь, сәндік қызмет

Негізгі ережелер

Пейзаж, портрет және экфрасис сынды суреттеулердің әртүрлі көріністері туралы бірқатар зерттеулермен салыстырсақ, қазақ әдебиеттануында интерьер қызметі туралы арнайы зерттеу жұмыстары жоқ. Десе де автордың шығармашылық еркі мен шеберлігіне құрылған, кеңістікте орналасқан сөзбен бейнеленген заттар әлемі кездесетін шығармалар күн санап жарық көруде.

Шығармаларда кездесетін әдеби интерьер біздің санамызда бірден қалыптаспағаны анық. Көне Қытай кезеңінен бастау алған «фэн шуй» ілімі мен

интерьер психологиясы сияқты ғылым салаларынан бөлек, әдеби интерьер кейіпкер болмысын терең зерттеуге, адам өміріндегі күнделікті қолданыстағы заттарды шығармаларда орнымен қолдануға назар аударады.

Психологияда интерьер адамның жеке ерекшеліктерін көрсету тәсілі, ал дизайн тұрғысынан интерьер тұрғын үй ішінде қолайлы өмір сүру жағдайларымен қамтамасыз ету қызметтерін атқарады. Интерьердің аталмыш қызметтерінің барлығын мәтін шеңберіне сыйғызып, көркемдік тәсіл ретінде енгізуі – әдеби интерьердің, заттық әлемді ұтымды қолданудағы автор жетістігі болмақ.

Кіріспе

Әдебиеттанушы ғалым Қ.Жұмалиев өзінің «Әдебиет теориясы» атты оқу құралында шығарма желісін көркем қылатын сюжет, портрет, кейіпкердің іс-әрекеті мен сөздері, пейзаж, затты суреттеу сынды суреттеулердің бір-бірімен тығыз байланысын және бәрі бірігіп бір бүтін нәрсе туғызатынын айтады. Ал автор осындай бірліктерді қолдану арқылы, өмірді қалай түсініп, қалай танытандығын аңғартады. Себебі кез келген шығарманың мақсаты адамды тану, адам тағдыры мен адамгершілік сырына қанығу. Біз зерттейтін әдеби интерьер де адам жанының қатпарларына үңіліп, өмірінің сырын ұқтыруға қызмет етеді.

Жазушы өз қаламының қуаты арқылы көркем игерген заттар әлемі, яғни адам баласының өз қолынан шыққан киім-кешек, тұрмыстық заттары, үй кеңістігін толтырып тұрған сан алуан жиһаздар мен күнделікті тұрмысқа қажет құрал-саймандардың барлығы шығармаға өң беріп, көркем мәтінді әр алуан қырынан танытып, оқырманға жұмбақ әлемнің есігін ашады. Шығармадағы осы баяндау бірлігі «әдеби интерьер» немесе «заттық әлем» деп аталады [1, 1 б.].

В.Шмид «Нарратология» еңбегінде интерьерді «оқиғасыз бірлік», яғни оқиғаға жатпайды, бірақ оқиғаның одан әрі өрбуіне ақпараттық фон қалыптастырады [2, 23 б.].

Әдебиет теоретигі В.Хализевтің пікірінше, «заттық әлем әдеби-көркем бейнелеудің ажырамас және өте маңызды құраушысына жатады» [3, 240 б.].

Б.Майтановтың «Көркемдік нәрі» атты зерттеу еңбегінде «Көркемдік ғимаратында елеусіз нәрсе жоқ. Егер жазушының әрбір деталь төңірегіндегі табан аудармай ізденетін қажырлы еңбегін еске алсақ, сөздік композиция бөлшектеріне айрықша мән берудің үлкен маңызын түсіну қиын емес» [4,5-бб.] дей келе, аталмыш еңбекте әдеби интерьерді «предметтік-заттық орта» [4, 91 б.] деген атаумен қарастырғанын атап өту керек.

Күні бүгінге дейін қалыптасқан әдебиеттің әр дәуірінде баяндаудың осы бірлігі зерттелусіз қалған. Сондықтан да көркем мәтіндегі әдеби интерьерді зерттеу – шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеу еңбектерінде әдеби категория ретінде өзекті мәселеге айналып отыр. Кез келген шығарманы заттық әлемінсіз елестету қиын. Сол үшін де әдеби интерьерді көркем шығарманың ажырамас бөлігі ретінде қарастырып, сипаты мен көркемдік қызметтерін қарастыру маңызды болмақ.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Әдеби интерьердің сөз өнеріндегі қызметін саралауда арнайы зерттеу еңбектері болмаса да, проза жанрына қатысты, әдебиет поэтикасына қатысты ізденістің теориялық негізін құрайтын Б.Е.Галановтың «Живопись словом»(1974), В.Е.Хализевтің «Теория литературы» (2002), В.Шмидтің «Нарратология» (2003), әдеби интерьерді арнайы категория ретінде зерттеген И.С.Судосеваның «Көркем прозадағы интерьер поэтикасы» (2016), «Әдеби интерьердің функциялары» (2013) т.б. мақалалары және қазақ әдебиеттану ғылымындағы зерттеулерден Б.Майтановтың «Көркемдік нәрі» (1983), Г.Пірәлінің «Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. Түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем» (2003), Б.Кабдуловтың «Художественная деталь в литературном произведении» (1982), Қ.Жанұзақованың «Әдебиеттанудың теориялық мәселелері» (2015), заттық әлемді көркемдік деталь деңгейінде қарастырған Т.Ақшолақовтың «Көркем шығарманың эстетикалық табиғаты» (2001), М.Оспаналының «Қазіргі қазақ әңгімесіндегі әдеби интерьердің қызметі» (2021) сынды еңбектері қаралды. Әдебиет теориясы, проза, әдеби интерьер саласына қатысты зерттеу еңбектері дәйек, тұжырым ретінде қолданылды. Зерттеу нысанына айналған қазіргі қазақ туындыларындағы кездесетін әдеби интерьер үлгілеріне салыстырмалы талдау жасалды.

Нәтижелер

Қазіргі қазақ прозасы қоғамның шынайы келбетін суреттеп қана қоймай, кейіпкерлердің болмыс-бітімін дәл таныта алуымен де құнды. Адам жанын сөзбен суреттеу арқылы оқырманның рухани өмірінде ерекше орын алып отыр. Қазақ прозасының тәуелсіз кезеңіндегі шығармалардың дені өмір шындығын суреттеу арқылы көркемдік-идеялық жетістіктерге жетуде. Көркемдік типтендіру мен жинақтау ұлт мүддесі биіктігінен саралануда. Қазақ әдебиетін өз биігінен түсірмей, түрлі жанрлық эксперименттерде озық көрінуінің артында көркемдік-эстетикалық бағыттардың да салмағы зор. Көркем шығармада пейзаж, портрет, заттық әлем сынды детальдардың қолданылуы жазушының суреткерлік шеберлігі, дарынының толыққанының белгісі. Аталмыш ұғымдарды жай суреттеу ретінде қолданбай, қиыннан қиыстырып, орынды қолдана білудің де өз қиындықтары бар. Ол туралы ғалым Т.Ақшолақов: «жер астынан асыл кен іздеген инженер-геологпен парапар немесе адам ағзасындағы кінәратты табуға бүкіл білім, тәжірибесін жұмсаған дәрігер іспеттес. Міне, әдебиетші де солар сияқты шығарманың өн бойынан, адам жанына нұр себер, жақсылық нышандарына жетектер, жан әлеміне ыстық леп берер, алаулаған арпалыс, ашу-кек туғызар штрих-детальдарды іздеуге тиіс. Оны А.С.Пушкин айтқандай, рухани көзбен оқыса ғана таба алмақ» [5, 35 б.] деген пікірді ұсынады. Жазушы шеберлігінің белгісі ретінде детальдарды орынды қолдана білуі деп жатамыз. Алайда заттық әлем, интерьер, деталь сынды суреттеу бірлігінің жасалу жолдарын, қабылдау сынды мәселелерді зерттеудегі өзектілігін бір жолға түсіре алмай келеміз.

Жазушы үшін шығарманың жан дүниесін, табиғатын аша алатын заттық әлемді қолдана білудің өзі шығармашылықтағы оза шабу болмақ.

«Интерьер» ұғымы адам санасында үй кеңістігі, бөлмеде орналасқан заттар арқылы тұрмыстық мағынада қалыптасқаны анық. Семантикалық тұрғыдан «интерьер» сөзінің бірнеше сөздіктердегі мағынасын былайша қарастыруға болады. «Cambridge dictionary: Meanings and Definitions» сөздігінде «interior» сөзіне «the inside part of something: *The estate agent had pictures of the house from the outside but none of its interior.* - The land that is furthest away from the outside or coast of a country or continent: *The African interior*» сынды түсіндірмесі қатар берілсе, С.Ожегованың түсіндірме сөздігінде «интерьер» сөзі ғимараттың ішкі кеңістігі ретінде түсіндіріледі. Сайып келгенде, «интерьер» сөзі француздың яғни *interieur* сөзін аударғанда «ішкі» деген мағынаны білдіреді.

Әдебиеттегі интерьерді қазақ әдебиеттану ғылымында зерттеп, көркемдік қызметін саралауда пікір білдірген ғалым Г.Пірәлиеваның «Заттық әлем – ең бастысы кейіпкердің табиғатын, талғамын, тұрмыс-тіршілігін, мінезін суреттеуде көптеген көркемдік, психологиялық қызметтер атқарады» [6, 27 б.] деп көрсеткен анықтамасына сүйене отырып, ешқандай шығарманы заттық әлемінсіз елестету мүмкін емес деп ойлаймыз. Себебі белгілі бір тұрмыстық заттарға, материалды әлемге байланысынан бүтін бір шығарманың композициялық байланысы, кейіпкердің болмысы ашылуы мүмкін. Адам баласы ойлап тауып, өз қолымен жасаған және өміріміздің әр сәтінде өрнек берген заттарға деген көзқарасымызға шектеу қоймай, тұрмыста тұтынатын нәрселердің бағасын арттыра түсуіміз керек. Себебі біз оларды қалай құрасақ, олар өмірімізге солай әсер етуде. Заттық әлемнің көркем шығармадағы адам өміріне, кейіпкер бейнесін тереңірек танытуда, болмысын ашып, бітімін айқындауға келгенде мәні үлкен болмақ.

«Қазіргі әдебиетте заттар қаһарманның характерін танытудың аса маңызды поэтикалық құралына айналды. Фольклорлық шығармаларда, ауыз әдебиеті үлгілерінде заттық детальдер жеке тұлғаның белгілі бір ортаға, топқа немесе мамандыққа қатысын, әл-ауқатын, қоғамдағы орнын ғана білдіретін. Мысалы, батырлардың қару-жарағы – қол шоқпары, өткір семсері, садақ-жебесі, қалқаны, дулығасы т.б., байдың сыртқы тұрқы – құндыз бөркі, жібек шапаны, саптама етігі, т.б., сұлудың сән-салтанаты – күміс шолпысы, қамзолы, бүрмелі көйлегі т.б. Бұл заттар кейіпкердің характерін ашуға емес, оның кескін-кейіптемесін, сырт келбетін, портреттік сипаттамасын суреттеуге ғана жұмсалды. Уақыт өте келе заттық деталь психологиялық детальға айналып, адамның жеке мінез ерекшелігін, ішкі әлеміндегі сезімдік иірімдерді, көңіл-күйлерді бейнелейтін болды» [7, 115 б.] деп ғалым Қ.Жанұзақова заттардың шығармада қолданылудағы тағы бір ерекшелігін айқындап көрсетеді.

Орыстың әдебиеттанушы ғалымы И.С.Судосева «интерьер» ұғымын алғаш әдеби категория ретінде қарастыра келіп, оның сәндік, бейнелілік, мекен-шақтық сынды негізгі қызметтерін көрсетеді.

Интерьердің сәндік қызметін ғалымдар сонау антика дәуірінен бастау алады деп қарастырады. Ежелгі дәуірде шешендіктің сот және әлеуметтік-

саяси сынды екі түрі көрсетілсе, уақыт өте келе эпидейктикалық жанры қосылып, көркем сөзді жеткізудің ерекше үлгісін қалыптастырды. Әдебиеттегі экфрасис жанрының дүниеге келуімен байланыстыра зерттелген аталмыш қызметтің оқырманды сендіруден гөрі, шығармада көркем суреттеу, оқырманға эстетикалық әсер қалдыруымен ерекшеленді. Шешендік өнерге енген мұндай өзгерістер әдебиетте сәндік қызметін орындап, шығармадағы іс-әрекеттердің мағынасын ашатындай декорацияларды суреттеуге қызмет атқарады. Интерьердің аталмыш қызметі салтанатты, әдемі сөйлеу әсерінен көркем мәтін қолданысына еніп, кейін өнер туындыларын бағалайтын мәлімдеме үзінділерінің шығармалар желісіне енуі арқылы әдеби интерьер ұғымының сәндік қызметі деңгейіне дейін көтерілді.

Ғалым Судосеваның пікірінше, интерьердің сәндік қызметін хронологиялық тұрғыдан қарастыратын болсақ, әдеби интерьердің шығармаларда көрініс табуында бірінші болып ерекшеленбек. Оның еуропалық әдебиетте пайда болуы тарихындағы орнын ежелгі кезең деп қарастырып, көркем мәтінде иконикалық типтегі суреттеулер мен интерьерлерде орындалатынын анықтайды. Интерьердің сәндік қызметі шығармадағы оқиға орнын әсерлі жеткізу үшін безендірумен қатар оқырманға кейіпкер өмірінің барлық қыртыстарына дейін, егжей-тегжейлі танытуды мақсат етеді.

Талқылау

Интерьердің сәндік қызметінің үлгілерін XIX-XX ғасырлардағы әлемдік әдеби прозалық шығармаларда көптеп кездестіруге болады. Әсіресе тарихи оқиғаларды баяндайтын шығармаларда сол кезеңді суреттеуде, тұрмыстық деңгейін көрсетуде ерекше айқын көрінеді.

Декаден стилінде ағылшын қоғам қайраткерлері мен ірі тұлғалары суреттелген Оскар Уайльдтың «Дориан Грейдің портреті» шығармасындағы «Осыдан кейін бір айдан соң, бірде күндіз Дориан Грей жайлы креслода лорд Генридің Мейфердегі үйіндегі шағын кітапханада отырған-тын. Бұл жаңғақ пен асылтым түсті аралатып боялған емен ағашынан биіктеп қаптал өрілген, сарғыш ернеулі, ойылып, соғылған төбесі бар әдемі бөлме болатын. Еденге қапталған күрең қызыл мәуітінің үстіне жібектеп тоқылған түгі қалың парсы кілемдері тасталған. Сүйегі қызыл ағаштан қиылған үстелдің үстінде Клодион мүсіні мен оның жанында «Жүз новелла» сериясы бойынша Кловис Эвтің жұмысының бір данасы жатыр» [8, 55 б.] сынды үзіндіде интерьердің ерекше үйлесімділікпен суреттелуі, кеңістіктегі заттар шығарманың одан сайын көркемдік-эстетикалық мазмұнын байыта түседі. Шығармада қолданылған осындай артефактілер кейіпкер өмірінің белгілі бір бейнесін қалыптастыруға қызмет етеді.

XX ғасыр әдебиетінде бұрын соңды болмаған көлемде заттық әлемді тек тұрмыс жабдығының нышан-белгісі ғана емес, адамдар тіршілігінің ортасы ретінде кеңінен қолданды, бірақ ең бірінші адамның ішкі өмірімен біте қайнасқан нәрсе оның үстіне әрі символдық, әрі психологиялық және «болмыстық», онтологиялық мәнге ие болды [3, 240 б.]. Әдебиетке романтизм

сынды тағы да басқа жаңа ағымдардың дүниеге келуімен оқырманға шығармадағы құндылықтар иесінің ішкі әлемін, өмір салтын, уайым-қайғысын жеткізуде интерьердің бейнелілік сынды жаңа қызметі пайда болды. Мысалы, көркем шығарма кейіпкерлерінің қоғамдағы орны мен әлеуметтік дәрежесіне ендігі кезекте оның адами-психологиялық сипаттары қосылды. Осылайша, интерьер кейіпкердің «психологиялық портретін» таныту қызметін қатар атқарды. Бұл қызмет әдеби интерьердің сипаттамалық қызметіне жатады. Оған сай, интерьер кейіпкердің ішкі жан әлемінің көрінісі мен тұлғалық қасиеттерін бойына сіңіріп тұрады [1, 3 б.]. Автордың айналаны талғамға сай, әдемі суреттеуінің өзі де бір шеберлік. Оқырманның санасы, талғамы жоғарылаған сайын, әдеби интерьерді қолданудың да талабы жоғарылай түсері анық.

Біз сөз қылып отырған интерьердің қай-қай қызметін алып қарасақ та, қазіргі қазақ прозасының негізінде талдап түсіндіруге болады. Көркем мәтін негізіне жаңаша леп беріп, адам өмірі мен характерін, жекелеген заттар арқылы кейіпкер образын ашып көрсетіп, интерьердің көркемдік қызметін одан әрі зерделей түсті.

Қазіргі қазақ шығармаларында интерьердің аталмыш қызметі жаңа көркемдік мағынада сәтті қолданып жүр. Олардың қатарында жазушы Сәуле Досжанованың «Екі күйеулі келіншек» сынды шығармасында өмірдің көлеңкелі тұсы мен отбасы құндылығын суреттеп, анасынан ерте айырылып бауырларына қамқор болған, тағдыр тартысында жеңілмеген бас кейіпкер Гүлжанның жайы баяндалады. Оның ауылдан қалаға жұмыс іздеп келіп, зәулім сарайдай үйде қызметте жүргендегі сәтін былайша суреттейді: «Үлкен бөлме, ортада дастарқан жайылған үстел. Жанында жұмсақ диван мен креслолар. Қабырғада ыдысқойғыш, ішінде небір әсем ыдыстар тізіліп көз тартады. Арғы жағында ашық есіктен жатын бөлме көрініп тұр. Шәйі мен жібектен қабаттап тіккен терезе перделердің әдемілігі-ай, мебельдері мен өмірімде көрмеген кереметтер. Жатын төсекке жапқан жапқышы да пердесі сияқты шәйі мен жібек араласқан, төгіліп тұр. Жерде қып-қызыл гүлдер төгілген қалы кілем» [9,202 б.]. «Екі күйеулі келіншектегі» бас кейіпкер Гүлжанның бөлме ішіндегі заттарға ерекше таңданысынан ешқандай түсіндірусіз-ақ оның әл-ауқатының төмен болғанын байқаймыз. Сонымен қатар хикаядағы осындай ерекше суреттеулері оқырманға әсерлі жеткізудегі шығарманың ең ұтымды тұсы ретінде қабылдауға болады.

Сәуле Досжанованың «Үлкен үйдегі үрей» деп аталатын бір ғасырлық оқиғаға өрілген шығармасында Қарқаралының ортасындағы салтанатты қос қабатты үйдің босағасын аттаған кедейшілікте өскен Хадишаның үйдің ішіндегі заттық әлемді қабылдауын ерекше суреттеудегі қолданған әдеби интерьерін былайша жеткізеді: «Айналы киімсалғышты, жұмсақ қызыл барқытпен қаптаған орындықтарға көзі түсті. Мұндай заттарды да алғаш көруі. Тек жеңешесінің әңгімелерінен еститұғын. Қызыл ала кілемдер мен текеметтер, орыстың айқыш өрнегімен кестеленген төсек жапқыштар, терезе перделер көз тартады. Шымылдық та шымқай қызыл екен. Ұстап көрді, асыл жібек алақанда сусыды» [9,16 б.].

Аталмыш шығармада Арсланның байлық-дәулетін, кейіпкерлер отырған кеңістіктің атмосферасын жеткізуде заттық әлем көрінісін ұтымды қолдануының дәлелі ретінде мынадай үзінділерді де қолданады. «Ақ сәтен дастарқанның үсті толған дәмді тамақтар. Күміс жалатқан ыдыстар терезеден түскен таңғы сәулемен жарқырап көз тартады. Болыскей самауыр екі иығынан дем алып, Лепсіден алдырған сексеуіл шоғының хош иісі бөлмені алып барады» [9,19 б.].

Еуропа әдебиеттерінде әдеби интерьердің көрініс табуын славян фольклорлық шығармаларында сипатталған мифология мен әдебиетте тұрғын үйдің бірқатар объектілері мен элементтерінен қарастырып, кейінгі ғасырлардағы көркем шығармаларға ауысады. Әдеби интерьер оқырманға эмоционалды әсер ету құралы ретінде «қып-қызыл перделер», «ескі шамдар», «ескі кітаптар» тіркестері арқылы готикалық жанрдағы шығармаларда айқын көрініс таба бастады. Батырлық эпос пен мифтерде интерьерде қару-жарак (қылыш пен қалқан) сияқты маңызды құралдарды (әсіресе кейінірек пайда болған рыцарлық романдарға тән) пайдалану дәстүрі қалыптасады.

Қазақ әдебиетінде қаламы қарымды қаламгер Мұхтар Мағауиннің саяси памфлет пен психологиялық көркем саралауға құрылған трагедиялық шығармасы «Жармақ» романы әлемдік деңгейдегі шығармаларының бірі десек қателеспейміз. Аталмыш туындының көркемдік ерекшелігінің сәтті тұстарының бірі – әдеби интерьер, деталь үлгісін шебер қолдануында: «Жарық – менің бөлмедей, жібінен салбыраған жалғыз шам емес, сансыз шам – самсаған жарық. Аумағы ат шаптырым дерлік кең сарайдың кіреберіс босағасында тұр екем. Төбе толған әсем өрнек, әрқилы кейіпті, бір емес, қатарласа жамыраған әлденеше шаңырақ люстра, хрусталь моншақ, ұзынды-қысқалы салпыншақтарға шағылысқан алтынды, күмісті, қызғылтым, көгілдір, ақшаңқан нұрдан көз тұнады. Төрт қабырға – алтын кәсекті, ескілікті, арғы, бергі заман суретшілерінің әрқилы туындылары. Еден – есіктен төрге дейін, түгі тусырылған, бөлек-бөлек емес, біртұтас, көк-ала қалы кілем. Осыншама сәнді, кең сарайдың іші толған салтанатты қауым. Біразы төрде – ақ дастарқанды дөңгелек столдар басында. Енді біразы – көбіне жастар, топырлата билеп жүр» [10, 4 б.]. Үзіндіде кейіпкер Мұраттың өз үйінде шай ішіп отырған жерінен жазып жатқан еңбегін аяқтауға тұра бергенінде кенет шам өшіп, алдында тұрған есікке тап болады. Есікті ашқан сәтте кең сарайды суреттеудегі қолданған әдеби интерьердің сәндік қызметін сәтті қолданған.

Қазіргі әдеби кеңістікте пайда болған сан алуан тақырып пен бағыт төңірегінде талпыныс жасап, кәдімгі дәстүрлі көркем прозадан гөрі мистикалық сарындағы туындармен оқырманның ықыласына бөленген Мадина Омарова шығармашылығында да әдеби интерьердің қызметі айқын көрінеді: «Үйлердің қақ ортасындағы он екі қанат киіз үй деген осы болар, бәлкім, аса салтанатты тіпті сыртқы киізінің өзі өрнектеліп басылған біреуіне кірдік. Іші сыртына сай екен. Екі үлкен кресло, диван, ортада жалтыраған әйнек үстел, аса әдемі әрі ықшам орындықтар. Тіпті бір шетіндегі каминде көңілді ойнақшып от жанып тұр. Біз жан-жағымызға ауызымызды ашып қарап

қалдық. Ал, Айтоқтының үстел басында жатқан ноутбукты немқұрайлы ашып, ұзын, темір тырнақтарын епті қозғап, әлденені тез теріп жатқанын көргенде, аңтарылып, сенер-сенбесімді білмедім» [11, 108 б.]. Автордың «Ғажайып көл» атты ертегі-повесіндегі мына бір үзіндіде бес-алты киіз үйден тұратын ауылдың әсем бейнесін, табиғат сұлулығын шығарма бойы ерекше суреттеген. Әдеби интерьердің сәндік қызметінен бөлек үзіндіден мекеншақтық детальдар қатар қолданылғанын байқаймыз. Киіз үй, ноутбук, сәкі, күйме сынды заттық атаулар көркем шығарманың мазмұндық жағынан ерекшелігін, көркемдігін одан сайын арттыра түседі. Шығармадағы әрбір зат атауының өмір шындығын көркем шығарманың өз шындығына қызмет атқарып, кейіпкердің жан дүниесі мен уақыт кеңістігімен тұтасып жатады. Сөзімізге дәлел ретінде заттар әлемін және оның көркемдік қызметін зерттеуде көп еңбек атқарған ғалымдардың бірі Б.Е.Галанов біз қолданатын заттардың өнерде де бізге қызмет ететіндігін алға тартады.

Қиял-ғажайыпқа енген бесеудің кенет тап болған көне шкафтың ішіндегі мекенді оқырман алдында бейнелеудің ерекше тұстарын байқауға болады. «Еденге түгелімен түкті кілем төселіпті. Бөлме өте кең, кілемнің әсері болар, отқа оранғандай қып-қызыл болып көрінеді екен. Қабырғаларына майда тастан қашалған неше түрлі ою-өрнек түсіріліпті. Өте салтанатты, мұражай сияқты жер». «Өте үлкен ғимарат екен, төбесі күмбез тәрізді дөңгеленіп, көз жетпес биікке кетеді, қабырғалары да қалың, барлық жеріне ерінбей жалықпай, түрлі түсті әйнектің сынықтары ма, әлде осылай қисық кесілген тас па, әйтеуір жылтыраған әдемі моншақ тәрізді зат жапсырылып шығыпты. Қол жуатын бөлмеден лалагүлінің иісі аңқиды. Керемет нәзік, сырлы хош иіс» [11, 108 б.].

Жас қаламгер Әсем Қоспағарованың «Күй» атты әңгімесінде адам жанының ішкі әлеміне терең бойлап, психологиясына әсер беретін бөлменің ішкі интерьерін суреттеуден бастауы ұтымды шыққан. «Қарапайым кісінің қарапайым бөлмесі. Бәрі өз орнында. «Қызыл орамал» Қара домбыра, шаң басқан перде, жылауық баланың бетіндей сүртілусіз айғыздалған терезе.

– Тек қара домбырасы серік болған осы жанға теліткен не нәрсе? – деп ойлады Жәудір бөлме ішіне көз жүгіртіп.

– Келдің бе, балам? – деп қарапайым кісі күліп отыр.

– Келдім!

– Күй ырғағы адам жанын тазалайды. Күй тыңда. Әдетінше қабырғада ілулі тұрған домбыраны алды, үнсіз біраз отырды да, ақтық күйін шерткелі тұрғандай жанарына жас үйірді. Жәудір үйренісіп қалыпты» [12, 24 б.]. Көркем шығармада әдеби теңеулерді де сәтті қолданып, күй құдіретін қарапайым жанның жай-күйімен қазақы текті өнердің образын қоса көрсеткен.

Жас қаламгер Досхан Жылқыбайдың шығармашылығынан да әдеби интерьердің сәтті үйлесім тапқан тұстарынбайқауға болады. Солардың бірі – «Қазан түйнектер» атты шығармасы. «Бірінші болып көзіне қаздай тізілген төрт пюпитр түсті. Анықтап қарап еді, әрқайсысының жанында бір-бір орындық бар екен. Біреуіне сүйеніп қобыз тұр. Оның екі бүйірі Модилиани салған картинада балбырап, ағып бара жатқан секілді. Айтжан санасын бірден

сергітіп алды да, қайта қарады. Түгі де жоқ. Қарапайым қобыз. Еденде шашылған кітаптар. Бәрі ноталар жинағы. Бұл бөлменің музыканттарға арналған грим бөлмесі екенін енді аңдады» [13,40 б.]. Шығармадағы жас ақын Айтжан көрген құпия бөлмедегі өнер туындыларын, құралдарын суреттеуі оқырманды ерекше сезімге бөлентері анық. Ерекше стильде жазылған көркем шығарманың өн бойынан осындай эстетикаға толы суреттеулерді молынан байқауға болады. Үзіндіде қолданылған детальдарды суреттей келе, өткен оқиға іздері кімге тиесілі болғанын аңғартады.

Қазіргі қазақ прозасында қалам тербеп жүрген жазушы Жадыра Шамұратованың «Сандық» атты новелласында: «Кейде әжесі сандығын ашып бала-шағаны жарылқайтын. Осы жолы да жаулығының астындағы селдір ақшулан бұрымының ұшына байланған кілтшені құлыпқа салып сырт еткізіп ашқан сәтте нафталин иісі мұрынды жарып жібере жаздады. Алдымен қызыл қоңыр мақпал, жасыл барқыт, гүлді жібек дейсің бе, құшақ матаны бір шетке үйді. Сая осы үйілген матаның арасындағы тым шымқай түсін көз жатырқайтын жасыл плащ пен сұр пальтоны ешкімнің үстінен көрмеген. Этикеткасы түгел болғанына қарамастан, алпысыншы әлде жетпісінші жылдардың сәні болса да, құдай біледі...» [14] сынды үзіндіде заттық әлемді қолданудағы кейіпкердің мінезі, суреттеулермен ерекшеленген еңбегінде әжесінің сандығы шығарманың өн бойына арқау болып, оқиғаларды шебер байланысуына дәнекер болады.

Қазақ шығармаларында сандық ерекше тұрмыстық детальдық қолданысқа ие. Қазақ халқының ұлттық құндылығын, сонымен қоса кейіпкердің естеліктерін көркем бейнелеуде ұлттық бұйымдар маңызды қызмет атқарады.

Қорытынды

Қорыта келгенде, заттық әлем әдеби-көркем образдың, бейнелеудің ажырамас және өте маңызды құраушысына жатады. Әдеби туындыда көрініс тапқан әрбір зат (интерьер ретінде бөлме ішінде және одан тысқары жерде) кең ауқымды мазмұндық қызметке ие болып келеді [3, 240 б.]. Шығармада кейіпкер өз өмірінен бөлек, айналасындағы оқиға өрбитін ортаға, тұрмыс деңгейінен хабар беруі, әрбір детальға деген ерекше көзқарасын таныту арқылы әдеби интерьер қолданысы мен баяндау бірлігі ретінде әдебиеттегі ерекшеліктерін жазбай тани аламыз. Көркем туынды мәтініндегі әдеби интерьер қызметі шығарманың поэтикасын тануға қызмет етеді. Әдеби шығарманың маңызды бөлшегіне айналған заттық әлем кездеспейтін шығарма жоқтың қасы. Зерттеуші, ғалым Б.Кабдуловтың «шындығында көркем туындыдағы тұтастық дегеннің өзі бөліктерден, яғни шындық панорамасы детальдардан тұрады» [15, 138 б.] деуінің себебі осында жатса керек. Көркем шындықты белгілеуде заттық әлемнің рөлі ерекше. Сол үшін де ұлттық прозамызды зерттеу үдерісінде әдеби интерьер қызметін әлі де анықтау өз өзектілігін жоймақ емес.

- [1] Оспаналы М.Қазіргі қазақ әңгімесіндегі әдеби интерьердің қызметі // «Keruen» scientific journal. – 2021. – №4 (73). – Б. 314-324
- [2] Шмид В. Нарратология. – М.: Языки славянской культуры, 2003. – 312 с.
- [3] Хализев В.Е. Әдебиет теориясы. – М.: Жоғары мектеп, 2002. – 438 б.
- [4] Майтанов Б. Көркемдік нәрі: Әдеби-сын мақалалар. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1983. – 184 б.
- [5] Ақшолоақов Т. Көркем шығарманың эстетикалық табиғаты. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2001. – 338б.
- [6] Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (Түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем). Монография. – Алматы: Алаш, 2003. – 328 б.
- [7] Жанұзақова Қ. Әдебиеттанудың теориялық мәселелері. Оқулық. – Алматы: Қыздар университеті, 2015. – 292 б.
- [8] Уайльд Оскар. Дориан Грейдің портреті. Роман. Ағылшын тілінен аударған Г. Түсіпова. – Астана: Аударма, 2011. – 344 б.
- [9] Досжан С. Үлкен үйдегі үрей. «Жаңа заман әдебиеті. Проза» сериясы. – Алматы: Жазушы, 2013. – 304 б.
- [10] Мұхтар Мағауин. Жармақ. Роман. – Прага: Арфост, 2007. – 350 б.
- [11] Омарова Мадина. Қадір түні: Проза. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2012. – 320 б.
- [12] Қоспағарова Әсем. Қызыл орамал: Проза. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2012. – 160 б.
- [13] Досхан Ж. 18:47 (әңгімелер мен эссе-очерктер жинағы). – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2021, – 144 б.
- [14] Шамұратова Ж. «Сандық». 2022 жыл. 29 қазан. – URL: <https://qazaqadebieti.kz/34385/sandy-novella>
- [15] Кабдулов Б. Художественная деталь в литературном произведении: дис. канд. филол. наук: 10.01.02. – Алматы, 1982. – 125 с.

REFERENCES

- [1] Ospanaly M. Qazırgı qazaq äñgimesindegi ädebi intererdıñ qyzmetı (The function of the literary interior in modern Kazakh storytelling) // «Keruen» scientific journal. – 2021. – №4 (73). –B. 314-324. [in Kaz.]
- [2] Şmid V. Narratologia (Narratology). – M.:Jazyki slavjanskoj kul'tury, 2003. – 312 s. [in Rus.]
- [3] Halizev V.E. Ädebiet teoriasy (Literary theory). – M.: Joğary mektep, 2002. – 438 b. [in Kaz.]
- [4] Maitanov B. Körkemdik näri: Ädebi-syn maqalalar. (Artistic nourishment: Literary-critical articles). – Almaty: «Jazuşy» baspasy, 1983. – 184 b. [in Kaz.]
- [5] Aqşolaqov T. Körkem şyğarmanyñ estetikalyq tabıgaty (Aesthetic nature of a work of art). – Almaty: «Ğylym» ğylymi baspa ortalyğy, 2001. – 338 b. [in Kaz.]
- [6] Pırälieva G. Körkem prozadağy psihologizmniñ keibir mäseleleri (Tüs köru, beiverbaldy işarattar, zattyq älem) (Some problems of psychologism in artistic prose (color vision, non-verbal gestures, material world). Monografia. – Almaty: Alaş, 2003. – 328 b.[in Kaz.]
- [7] Janūzaqova Q. Ädebiettanudyñ teorialyq mäseleleri (Theoretical problems of literary studies). Oqulyq. – Almaty: Qyzdar universiteti, 2015. – 292 b.[in Kaz.]
- [8] Uaild Oskar. Dorian Greidiñ portreti (Portrait of Dorian Gray). Roman. Ağylşyn tilinen audarğan G. Tüsıpova. – Astana: Audarma, 2011. – 344 b.[in Kaz.]
- [9] Dosjan S. Ülken üidegi ürei (Panic in the Big House) // «Jaña zaman ädebieti. Proza» seriasy. – Almaty: Jazuşy, 2013. – 304 b. [in Kaz.]
- [10] Mühtar Mağauin. Jarmaq. Roman. – Praga:Arfost, 2007. – 350 b.[in Kaz.]
- [11] Omarova Madina. Qadır tüni: Proza. – Almaty: «Jalyn baspasy», 2012. – 320 b.[in Kaz.]

[12] Qospağarova Äsem. Qyzyl oramal: Proza. – Almaty: «Jalyn baspasy», 2012. – 160 b. [in Kaz.]

[13] Doshan J. 18:47 (äñgimeler men ese-ocherkter jinağy) 18:47 (collection of short stories and essays). – Almaty: RPBK «Däuir», 2021. – 144 b. [in Kaz.]

[14] Şamūratova J. «Sandyq». 2022 jyl. 29 qazan. – URL: <https://qazaqadebieti.kz/34385/sandy-novella> [in Kaz.]

[15] Kabdulov B. Hudojestvennaia detäl v literaturnom proizvedeni (An artistic detail in literary works): dis. ... kand. filol. nauk: 10.01.02. – Almaty, 1983. – 125 s. [in Rus.]

ЛИТЕРАТУРНЫЙ ИНТЕРЬЕР В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ПРОЗЕ И ЕГО ДЕКОРАТИВНАЯ ФУНКЦИЯ

Султангалиева Р. Б. ¹, *Рыскалиева Б. Д. ²

¹канд. филол.наук, ассоц. профессор Западно-Казахстанского университета имени Махамбета Утемисова

Уральск, Казахстан, e-mail: r.sultangalieva@mail.ru

*²магистрант Западно-Казахстанского университета имени Махамбета Утемисова, Уральск, Казахстан, e-mail: balnur99.05@mail.ru

Аннотация. Целью исследования является изучение того, насколько важную роль литературный интерьер играет в тексте художественного произведения, анализ указанной повествовательной единицы в контексте художественного единства, что занимает важное место в понимании поэтики произведений, в передаче их эстетической ценности читателю.

В данной статье рассматриваются понятие «интерьер», вошедшее в оборот казахской литературоведческой науки, и проблемы декоративной функции и художественной поэтики литературного интерьера. Анализируется период развития декоративной деятельности функции литературного интерьера. Дается обзор исследовательских работ, посвященных формированию художественного пространства литературного интерьера, выявляются особенности применения предметной детали, лежащей в основе идеи и темы произведения, анализируются вопросы поэтики и деятельности в современной казахской прозе как актуальной темы на пути формирования литературного теоретического понятия в казахском литературоведении. Путем анализа структурных особенностей литературного интерьера в художественном тексте определяются его декоративные и другие функции. Функция познания пространства, в котором живет герой, его внутреннего мира, характера, бытия, анализируется в связи с проблемами эстетики в художественной прозе.

Определение современных казахских произведений искусства и литературного интерьера в них повышает научную ценность исследования. Приводятся примеры из произведений, показывающие место эстетизации объектов, деталей предметного мира в жизни человека.

Понятие интерьер в литературе анализируется в связи с такими широкими аспектами произведения, как сюжет, композиция, символическая система.

Практическая значимость данной работы заключается в возможности использования в ходе исследовательских работ, при изучении спецкурсов по литературоведению, также имеет большое значение для сценаристов и режиссеров-постановщиков при интерпретации художественного произведения на театральной сцене. В исследовании применяются методы теоретического анализа, обобщения, систематизации и сравнительного анализа.

Ключевые слова: современная казахская проза, предметный мир, художественный подход, литературный интерьер, художественная поэтика, описание, деталь, декоративная функция

LITERARY INTERIOR AND DECORATIVE ACTIVITIES IN MODERN KAZAKH PROSE

Sultangaliyeva R. B.¹, *Ryskaliyeva B. D.²

¹Candidate of Phil. Sc., Associate Professor of Makhambet Utemisov
West Kazakhstan University

Uralsk, Kazakhstan, e-mail: r.sultangaliyeva@mail.ru

*² Master student of Makhambet Utemisov West Kazakhstan University
Uralsk, Kazakhstan, e-mail: balnur99.05@mail.ru

Abstract. The purpose of the study is to show what role the literary interior plays in the text of a work of fiction, the analysis of this narrative unity in the context of artistic unity, which plays an important role in understanding the poetics of works, in conveying their aesthetic value to the reader.

This article examines the concept of «interior» that has entered into the Kazakh literary science and the issues of decorative function and artistic poetics of the literary interior. The author analyses the period of development of decorative function of literary interior. The review of research works considered around the formation of the artistic space of literary interior is given, the peculiarities of using the subject detail underlying the idea and theme of the work are determined. In the Kazakh literary science the questions of poetics and activity in the modern Kazakh prose are still being analyzed as the actual topic on the way of formation of literary theoretical concept. The analysis of structural features of literary interior in literary text reveals its decorative and other functions. The activity in the knowledge of the space, the inner world, the character, the being in which the hero lives, is analysed in continuity with the problems of aesthetics in fiction prose.

The object of the study is the literary interior in works of fiction during the Independence period. Examples are given from works about the role of aesthetics of objects, details of the environment in human life.

Due to the lack of separate studies on the concept of interior in literature, the relationship of the work to such broad aspects as plot, composition, symbolic system is analyzed.

The practical significance of the research work lies in its use in research works and special courses in literature studies, as well as in the interpretation of the work of fiction to the theatre stage by scriptwriters and stage directors. The study makes use of methods of theoretical analysis, generalization, systematization and comparative analysis.

Keywords: modern Kazakh prose, material world, artistic method, literary interior, artistic poetics, description, detail, decorative function

Статья поступила 10.04.2023